



# Академиялық адалдық

Әсел Арын, AlmaU академиялық даму  
жөніндегі проректор

# Жоспар:

- Академиялық адалдық түсінігі және негізгі принциптері
- Академиялық адалдықты бұзу түрлері
- Академиялық адалдықты бұзғаны үшін жауапкершілік

# Академиялық адалдық:

Кез келген, тіпті ең қиын жағдайда да  
алты негізгі құндылыққа жүгіну:

**адалдық, сенім, әділдік, құрмет,  
жауапкершілік және батылдық.**

Халықаралық Академиялық адалдық орталығы (ICAI)

# Адалдық



Шынайы болу!

**Мысалы: жазба жұмыстарын орындау  
барысында идеяның авторларын  
сілтеме арқылы көрсету.**

# Сенім



**Жұмысты орындаудың тұтастығына  
сену!**

**Мысалы: оқытушы нақты күтімін  
айқындайды– Студент өз бетінше  
жұмысты адал орындайды – мұғалім  
жұмысты белгіленген критерийлер  
бойынша бағалайды.**

# Әділдік



**Субъективтілікке жол бермеу!**

**Мысалы: алдын ала белгіленген  
критерийлер бойынша оқушы жұмысын  
әділ бағалау.**

# Жауапкершілік пен батылдық



**Студенттер ереженің бұзылуына қарсы  
тұруы керек және оқытушылар курс  
саясаты мен академиялық саясатты  
ұстануы керек.**

# Мысал №1

Асқар демалыс күндерге туған қаласына кетіп қалып үй тапсырмасы – эссе жазуға үлгермей қалған екен. Ол интернетке кіріп тақырып бойынша ақпарат іздегенде сол тақырыпта дайын эссе тауып алған екен. Асқар дайын эссені жүктеп алып, құжатқа кішігірім өзгертулер енгізіп өз атынан тапсырды.

Асқардың әрекетін қалай бағалайсыздар?  
Ол академиялық адалдықты сақтады ма?



## Мысал №2

Әлия Алматы қаласының көрікті туристік жерлерінің фотосуреттерін дайындау бойынша тапсырма алды. Ол кітапханаға барып, журналдан дайын суреттерді тамашалады. Ертеңгісінде Әлия қалаға шығып, қаланың туристік жерлерін аралап, өз фотоаппаратына суретке түсірді, оларды басып шығарып, оқытушыға тапсырды.

Әлияның әрекетін қалай бағалайсыздар?

Ол академиялық адалдықты сақтады ма?

# Мысал №3

Мирас пен Арман «Экономика» пәнін оқып жатыр. Бұл пәннен оларға Қазақстанның соңғы 10 жылдағы демографиялық көрсеткіштерін талдауға тапсырма берді. Мирас статистикалық мәліметтері жинауға үлгермей, досы Арманнан дайын деректерді бөлісуді сұрап, оны өздігінше талдайтынын айтты. Арман досының өтінішіне келісім беріп, дайын деректермен бөлісті.

Арманның әрекетін қалай бағалайсыздар?

Ол академиялық адалдықты сақтады ма?

## 2. Академиялық адалдықты бұзу түрлері:

- Плагиат, өз-өзіне плагиат жасау
- Жауаптарды көшіру (тесттердің, жазбаша емтихан т.б)
- Басқа студент үшін жұмыс орындау
- Басқа тұлғаларға емтихан жауаптарын беру, не оларды басқалардан алу
- Алаяқтық, алдау
- Жалғандық (falsification, fabrication)
- Академиялық бұзушылықты қолдау (сөз байласу, пара алу, сыйлықтар беру, қорқыту және т.б.)

# Плагиат, өз-өзіне плагиат жасау:

**Басқа біреудің жұмысын немесе идеяларын өз атынан ұсыну**

- Мәтінді, сызбаны, басқа деректерді көшіріп, оларды интернеттен, оқулықтан, құжаттан және т.б. жүктеп, еш өңдеусіз пайдалану
- Ақпаратты дереккөзге сілтеме жасамай пайдалану
- Бір тапсырған жұмысты қайта өткізу

**Университеттер плагиатты анықтау және алдын алу үшін арнайы технологияны қолданады**

# Cheating – алдау

**Ақпаратты басқа көздерден, басқа тұлғалардан көшіру; емтихан барысында басқа студенттерге "көмек" беру**

- Көмек алған адам кінәлі
- Көмек берген адам кінәлі
- Бұзушылық фактісін біліп тұрып, бірақ ол туралы хабарламаған адам кінәлі

# Фактілерді бұрмалау (фальсификация):

- Қасақана фактілерді бұрмалау
- Қатысу парағына басқа студент үшін қол қою
- Топтық жұмыс орындауда жұмысты орындамаған басқа студенттің тегі мен атын қосу
- Басқа біреудің логинін/паролін, жеке куәлігін, кілтін, кіру картасын және т.б. пайдалану

# Нормативтік құжаттар:

- Академиялық саясат
- Этикалық кодекс / Ар-намыс кодексі
- Академиялық адалдық ережелері

**Веб-сайтта немесе университеттің LMS  
жүйесіндегі студенттің жеке кабинетінде  
орналастырылған**

# Мысал №1

Асқар демалыс күндерге туған қаласына кетіп қалып үй тапсырмасы – эссе жазуға үлгермей қалған екен. Ол интернетке кіріп тақырып бойынша ақпарат іздегенде сол тақырыпта дайын эссе тауып алған екен. Асқар дайын эссені жүктеп алып, құжатқа кішігірім өзгертулер енгізіп өз атынан тапсырды.

**Бұл жағдай академиялық  
бұзушылықтың қай түріне жатады?**



# Мысал №3

Мирас пен Арман «Экономика» пәнін оқып жатыр. Бұл пәннен оларға Қазақстанның соңғы 10 жылдағы демографиялық көрсеткіштерін талдауға тапсырма берді. Мирас статистикалық мәліметтері жинауға үлгермей, досы Арманнан дайын деректерді бөлісуді сұрап, оны өздігінше талдайтынын айтты. Арман досының өтінішіне келісім беріп, дайын деректермен бөлісті.

**Бұл жағдай академиялық бұзушылықтың қай түріне жатады?**

# 3. Академиялық адалдықты бұзғаны үшін жауапкершілік:

**Санкцияларды әр университет өзі белгілейді және олар бұзушылықтың ауырлығына байланысты**

- Тапсырманың бағасын жою
- Курсты меңгеруді тоқтату (ритейк)
- Ескерту
- Қоғамдық жұмыстар
- Сынақ мерзімі (кез келген жаңа бұзушылық неғұрлым қатаң санкцияларға әкеледі).
- Бір семестрге, не жылға оқуды тоқтата тұру
- Университеттен шығару (ауыр немесе қайталанатын бұзушылық үшін)

# Санкцияларды кім қолданады:



- Оқытушы



- Декан немесе басқа уәкілетті тұлға



- Комиссия / Комитет / Бірлестік (алқалы орган)

**Бұзушылық диплом транскрипінде  
көрсетіледі!**

**Егер академиялық адалдықты бұзғаны  
үшін студент оқудан шығарылса, басқа  
университет студентті қабылдамауы мүмкін!**

# Академиялық адалдықты бұзудың алдын алу шаралары:

Университет құжаттарымен мұқият танысу:  
Академиялық саясат, Этикалық кодекс,  
Академиялық адалдық ережелері

Әр пәннің силлабусындағы курс саясатын  
зерттеңіз

Байланыс: ережелер сізге түсініксіз болған кезде  
сұраңыз



**Назарларыңызға  
рақмет!**